

Сейтжанов З.Н.¹, Мекебаева Л.А.², Оспанова А.А.³,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
¹профессоры, ф. ғ. д., ²доценті, ф. ғ. к., ³PhD,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mekebaeval@mail.ru, aknur.ospanova@mail.ru

«ЕР ЖӘНІБЕК» ЖЫРЫНЫҢ БОТАЙ НҰСҚАСЫ

Мақалада XVIII ғасырда өмір сүрген Абылай батырларының бірі атанған Жәнібектің ерлігі талданады. Жырдың бірнеше нұсқасы бар екені белгілі. Ал мына мақалада Ботай нұсқасы сөз етілген. Жыршы батырдың жас шағынан бастап таныстырған. Жоңғарлармен болған екі ерлігіне ерекше тоқталған. Сондай-ақ, Жәнібектің әрі батыр, әрі шешен адам болғандығы назардан қалмаған. Шығарма тарихи жырға жататын болғандықтан, кейбір жанрлық сипаттар қадау-қадау сөз етіліп отырады. Тұтастай алғанда тарихи жыр әлі де зерттеліп бола қоймаған. Жанрлық түр екенін ескерсек, мақала сол олқылықтың орнын толтырады. Бұл батырдың 300 жылдығының өзі соңғы кезде ғана тойланды. Көп уақыт ақтаңдақтар қатарында қалып келгені белгілі. Сондықтан жырдың барлық нұсқасын тауып ғылыми айналымға қосу міндет. Мұның өзі тарихымыздың кейбір ашылмай жатқан беттерін білуге және жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеудің бір жолы. «Ер есімі ел есінде» екенін ескерсек елін, жерін қорғап, ерлік көрсеткен батырды құрметтеу оның есімін жаңғыртып жас ұрпаққа жеткізу бүгінгі күн міндетінің бірі.

Түйін сөздер: жыр, батыр, ел, жер, тарих, шешен, ұрпақ, нұсқа.

Seitzhanov Z.N.¹, Mekebaeva L.A.², Ospanova A.A.³,
¹ DSc, Professor, ²Candidate of Philological Science, A/Professor, ³PhD
of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e
-mail: mekebaeval@mail.ru, aknur.ospanova@mail.ru

Version Botai legends «Er Janibek»

The article analyzes the feat of Zhanibek, one of the batyrs of Abylai who lived in the 18th century. It is known that there are several versions of the epic legend. In this article, the version of the legend of Botai is considered. In the work the author tells about the life of the batyr from the very childhood. Particularly detailed are two exploits with Jungars. Also, the oratorical abilities and heroic character of Zhanibek did not remain without attention. Since this is a historical work, it describes some characteristic features of the genre. In general, historical legends have not been sufficiently studied. Given the genre features of the poem, this article complements these shortcomings. The 300th anniversary of ErZhanibek was celebrated only recently. It is known that for a long time remained a white spot and was not studied. Therefore, it is necessary to find all the variants of the epic legend and introduce it into scientific circulation. This will provide an opportunity to learn the undiscovered pages of our history and to educate patriotism among the younger generation. One of the main tasks is to tell the younger generation about the hero, his exploits, to revive the name of the batyr who defended his native land for the bright future of his people.

Key words: legend, hero, country, earth, history, speaker, generation version.

Сейтжанов З.Н.¹, Мекебаева Л.А.², Оспанова А.А.³,
¹д. ф. н. профессор, ²к. ф. н. доцент, ³PhD
Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: mekebaeval@mail.ru, aknur.ospanova@mail.ru

Версия Ботай сказания «Ер Жанибек»

Статья посвящена подвигам Ер Жанибека, одного из батыров Абылай хана, жившего в XVIII веке. Известно, что есть несколько вариантов эпического сказания. В данной статье рассматривается версия сказания Ботай. В произведении автор повествует о детстве,

жизни и подвигах батыра на протяжении его жизни. Особенно подробно описаны два сражения с джунгарами. Также не остались без внимания ораторские способности и героический характер Жанибека. Так как это историческое произведение, в нем рассмотрены своеобразия жанра сказания. В целом исторические сказания еще недостаточно изучены. Учитывая жанровые особенности поэмы, данная статья дополняет эти пробелы. 300-летие казахского батыра Ер Жанибека во всем мире отмечали недавно. Известно, что долгое время биография Ер Жанибека оставалась в нашей истории «белым пятном» и не была до конца изучена. Необходимо найти все варианты эпического сказания. Это даст возможность узнать нераскрытые страницы, и на героических примерах воспитывать патриотизм у подрастающего поколения. Одни из главных задач – рассказать о герое, его подвигах, возродить имя батыра, защищавшего родную землю.

Ключевые слова: сказание, герой, страна, земля, история, оратор, поколение, версия.

Кіріспе

XVIII ғасыр – қазақ халқының тарихындағы ең ауыр кезеңнің бірі. Жоңғарлардың жасаған тұтқиыл шабуылы халықтың ортасын ойып, ордасын бұзды. Бардың базарын, жоқтың ажалын қашырған жоңғарлықтар халықты қанды қырғынға ұшыратты. Қаңырап жер, қансырап ел жатты.

Осындай құба белдің үсті құр жатпайтын қырғи қабақ қиқулы заманда ел торғайдай тозып, «ақ табан шұбырындыға» ұшырады. Бірақ тумысынан ер халық жауларының жемі болып, жетегінде кете бермеді. Елі мен жерінің қамын ойлаған жүректі де білекті батырлар бас қосып, халқының ар-намысын қорғай білді. Абылай бастаған батыр бабаларымыз ерлік пен елдіктің үлкен өнегесін танытты. Жау жағадан алған, ерлерден ұйқы қашқан шақтың шындығын бейнелейтін әдеби мұраның бірі – Ыбырай Ботайұлы жырлаған «Ер Жәнібек» жыры. Бұл нұсқа 1989 жылы «Мұра» журналының 2-санында жарияланған.

Талдау

Жыр Жәнібек Бердәулетұлының балалық шағынан бастап таныстырады:

Баланың туадан-ақ даңқы асқан,
Шығады жақұт, меруерт асыл тастан.
Жәнібек он екіге келгенінде,
Ереуіл зор шайқасқа араласқан, –

деп баяндайды жыр.

Жәнібектің күш-қайраты тола бастаған шағында жоңғарлардың кезекті айтулы алапат жорығы басталады. Бабаларымыз сардарларын сайлап, сарбаздарын топтайды, ереуіл атқа ер салады.

Ел қорғауды өзінің парызы санаған жас Жәнібек те жау жарағын асынып, жауға аттанады. Асау қанды батырдың ерлігі алғашқы күннен бастап байқалады:

Жәнекең жаудың алды жекпе-жегің,
Кетпеді-ау ата-бабам қаны тегің.
Асқынған Садыр сұмды қанға бояп,
Дариғай, қайтты алғаш кеткен кегім, –

деген жолдар шындық ауқымынан алшақ кетпейді. Бұл Жәнібектің алғашқы ерлігі еді. Жас батыр жаумен беттескен сайын батылдық көрсетіп, өзіне қарсы келген қалмақтың небір батырларын женеді.

Жырда Жәнібектің елді жаудан азат ету жолында көрсеткен бірнеше ерліктері суреттеледі. Ол белдескен жауының белін талай үзген нағыз ер ретінде сипатталады. Бір шайқаста қалмақ жағы басым келіп, қазақтар қаша соғысады. Күші басым жау Абылайды ортаға алады. Мұны байқап қалған жас батыр Жәнібек көмекке келіп, тосқауылға өзі қалады да, Абылайды алға оздырады. Қара үзіп шыққан қалмақтың екі батырын жер жастандырады. Қос батырынан айырылған жаудың сағы санып, беті қайтады. Абылай жас жігіттің ерлігін қалың қолдың алдында жариялап, абыройын асырады. Осыдан бастап Жәнібектің атақ-даңқы көпке кеңінен тарап батыр атанады. (Бабиұлы А., 1987: 368)

Халқының қамын ойлаған батыр азаттық үшін айқаста үнемі алғы шептен көрініп отырған. Кезекті бір ұрыста қалмақ батыры жекпе-жекке шыққан қазақ жағының бірнеше адамын мерт етеді. Осындай қиын сәтте қабағының кәрін, тілінің зәрін төккен жауға қарсы ешкім шыға қоймайды. Абылай жасақтары қорғаштап қалған сын сағатта ортаға ат ойнатып, жалынды батыр Жәнібек шыға келеді.

Екені Жәнібектің айқын болды,
Сайысы екі батыр жойқын болды.
Астына мінген атын хан Абылай
Бата ғып сол майданға айтып сойды.

Көпшілік батырдың тілеуін тілейді. Жүрек пен білектің күшін дұрыс пайдалана білген Жәнібек қалмақ батырын жеңеді.

Айдарын ұстай кесіп басын алды,
Мойнында батыр деген тасын алды, –

деп суреттейді жырда.

Елдің тәуелсіздігі, жердің бүтіндігі үшін «түн қатып, түсі қашқан» Жәнібек туған жерді жаулардан тазарту жолында қапысыз қаһармандығымен өнегелі өмірдің үлгісін көрсетеді. Сондықтан халық оны әрқашан аруақты батыр деп қадір тұтады. Жырда былай сипаттайды:

Атағы Жәнібектің жел ескендей,
Жауынан жерге тықты егескенді
Қол бастай, айбат шегіп жүргенінде
Болмады оған ешкім теңескендей.

Бұл – халықтың әділ бағасы. Жәнібек ерекше ерлігімен, тапқырлығымен Абылайдың сеніміне ие болған. Әрі талай рет қол бастап, жауына найзасы, халқына пайдасы тиген атақты батыр.

Салмақшы қалмақтар да күш зорлыққа,
Қазақтар шыдамады бұл қорлыққа.
Жәнібек қазақ қолын бастағанда,
Есе алған он екі рет зор жорықта, –

деген жолдарға қарағанда, Жәнібек қанды шайқаста он екі рет ел есесін қайтарып, асқан ерлік көрсетеді. Сондықтан халық батыр есімінің алдына «Ер» деген сөзді қосып, Ер Жәнібек атандырады.

Жырда Жәнібектің батырлығымен бірге оның адамгершілік қасиеттері мен мінез-сипаттары да айтылып отырады.

Жұрт сүйген адам еді ғаламатты,
Кішіпейіл, мейірімді, қасиетті.
Мал жиып, дәулет топтап көрген емес,
Аруақты жан болғанмен салауатты.

Ол елден ерекше жан емес, қатарының алды болған ақкөңіл, қайырымды адам ретінде көрінеді. Сонымен бірге Жәнібек басын бәйгеге тіккен батыр, көпті аузына қаратқан шешен болғандықтан, халық оған үлкен қошемет

көрсеткен. Батыр туралы неше түрлі аңыздар тудырған. Соның бірі мынадай болып келеді. Бірде нағашы атасы Қазыбек би салбурын құрып үйірдегі жылқысын көруге келеді (нағашы жұрты әр нұсқада әртүрлі айтылады). Қасындағы құсбегі-саятшыларын қосқа жіберіп, өзі бірі-екі жолдасымен жылқыларын аралайды, таңғы жасауын байқайды. Осы кезде жер бетіне жарық та түсе бастайды. Бидің көзі биік құмның баурындағы қаңтарулы тұрған торы айғырға түседі. Таяп келсе, киізден тіккен кебенегін астына салып ұйықтап жатқан Жәнібектің үстінен арлы-берлі екі көкжал бөрі секіріп ойнап тұрғанын көреді. Көңілі толқыған би:

Аруақты батыр боларсың,
Алысқан жауды аларсың.
Еліңді ел етерсің,
Ежелгі жерге жетерсің.
Егіз бөрің тұрғанда,
Екіленбей не етерсің? –

деп толғаған екен.

Ер Жәнібек халқына қамқор болып, жаудан жасқанып көрмеген батыр ғана емес, белгілі шешен, қолының қарымына, аузының алымы сай адам болған. Бірде Жәнібек бастаған біраз ел шығысқа қарай көшпек болады. Мұны естіген нағашысы Қазыбек би Жәнібекті шақырып: – Жаудан жасқанып көрген жоқ едің. Енді ел басқарып би болып, ел көшіріп ел болып, ел шетіне барарсың. Жұрт көңілін қалдырма, дұшпаныңның ойын асырма, – дейді. Сонда Жәнібек:

Тілге келсе, елу бесте болып,
Тілдесуге шыдаймын.
Дауға келсе, қырық бесте болып,
Белдесуге шыдаймын.
Жауға келсе, жиырма бесте болып,
Жауласуға шыдаймын, –

деп жауап берген екен.

Қазыбек би ықылас көрсетіп, ақ жол тілейді. Жәнібек есіміне байланысты дала өмірінің даналығындай айтылатын шешендік сөздер көп.

Жүрегінің түгі бар қорқып-сескенуді білмейтін Жәнібекті Абылай хан бір сыннан өткізеді де ертеңінде оны шақырып:

– Түнде не ғажап болды? Аруақтарды ашуландырып, кәріне қалмасак, игі еді, – дейді. Сонда Жәнібек:

Бұл елдің хан-төресі сен едің,
Жас батыры мен едім.

Сен бұйырған жұмыстың
Мұнысы қалай демедім, –

деп ұтымды жауап беріпті. Мұнан Жәнібектің ойға терең, сөзге шешен адам болғанын көреміз. Сонымен, Ер Жәнібектің атағы бір жағынан батырлығымен, екінші жағынан шешендігімен шыққан. «Ер Жәнібек» жыры – халқымыздың қаһармандығын паш ететін тарихи мұралардың бірі. (Бабиұлы А., 1987)

«Ер Жәнібек» жырының Құмар Серікбайұлы жырлаған тағы бір нұсқасы бар. Жыршы алдымен Жәнібектің ата-тегін таныстырады. Мұнан кейін Жәнібекке мінез сипаттама берді. Тарихи деректерге қарағанда Жәнібек батыр ғана емес, ділмәр-шешен болған адам. Жәнібек кәмелет жасқа келген соң Алатау, Талас жақты мекен ететін нағашысы Досымбекке сәлем беріп келеді. Досымбек жиеніне жүген құрық тимеген көк дөнен береді. Жырда Көкдөнненнің сипаты тартымды сипатталады.

Майда жал, бөкен қабақ, қабылан кеуде,
Жыланкөз, құлан тұяқ, жоқ ілеуде.
Қоян жон, салқы төсті, марал басты,
Ағыны жан шыдатпас мін де шу де
(Ер Жәнібек, 2006: 105).

«Ағыны жан шыдатпас» Көкдөнненді жылқы ішінен Жәнібектің өзі ұстап мінеді. Нағашы атасы жиенінің бекер адам емес екенін біледі. Жиеніне батасын береді. Үш ай жатқан Жәнібек еліне қайтады.

Бұдан соң анасының ақылы бойынша жүзден асқан Соқыр абыздан бата алуға барады. Жас жігітке көңілі толған абыз:

Бағың жоғары өрлесін, балам,
Дұшпаның шеңіңе келмесін, балам,
Абыройың талмасын, балам
Басыңа бақ құсы арнасын, балам! –

деп бата береді.

Жәнібектің Көкдөнненнің шабысы ерекше. «Асқар биік тауларды елес құрлы көрмейді» деуіне қарағанда батырлық жырлардағы тұлпарлар көз алдына келеді. Ақын-жыршы батырлық жырлардың дәстүрін пайдаланып, ат шабысын әсірелеп, дамыта жырлаған. Мұндай көркемдік тәсіл көптеген тарихи жырларға тән тәсіл. Алайда оқиғалар мен кейіпкерлердің әрекеті шындық шеңберінен алшақ кетпейді.

Жәнібектің Көкдөнненге көңілі толады. Батыр көз ұшындағы қарайған екі адамға ілезде

жетіп келеді. Екеуінің түстері суық, ірі денелі адамдар екен. Екеуінің де қару-жарақтары (ақ сауыт, қылыш, найза, садақ) бар. Бұлардың да тегін адамдар емес екенін біледі, сондарынан қалмайды. Біреуі Жәнібекке сауал қояды. «Жасың кіші баласың, қайда кетіп барасың?» – дейді.

Сонда Жәнібек: өзін таныстырады: «Әкемнің аты Бердәулет. Мен де соның ұлымын. Айтулының бірімін» – дейді. Жарақты жаудан елді қорғау мақсаты екенін айтады.

Мұндай жүректі жасқа разы болған батырдың бірі сөз бастайды. Ел шетіне жау келіп, ер басына күн туғанда үйде жата алмай, атқа қонғандарын айтады.

...Менің атым болады
Қаракерей Қабанбай.
Айтулы батыр мынау да
Қанжығалы Бөгенбай, –

деп өздерінің жағдайларын айтады.

Жәнібек қос батырмен танысып, табысады. Бұған қарағанда қазақ батырлары қанды жорықта бірігіп қимылдаған. Ынтымақ, бірліктің арқасында елді, жерді қорғап қалған.

Тосып отырған екі батыр келген соң қазақ қолдары шайқас бастайды. Жекпе-жек басталады. Қалмақ батыры үш қазақты бірінен кейін бірін жазым етеді. Қазақ қолдарының беті қайтады. Осындай қиын сәтте атына қамшы басып Жәнібек шығады, сайыс басталады. Жекпе-жекте түрлі қару-жарақ қолданады. Жәнібек қалмақ батырын жеңеді, мерейі артады. Екі жақ жаппай шайқасқа шығады. Бұл шайқаста Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Жәнібек, Ер Жабай т.б. батырлар ерекше ерлік көрсетеді. Қазақ батырлары тізе қоса ұрыс салғандықтан қалмақтардың туын жығады, жеңіске жетеді. Жас батыр Жәнібек жекпе-жектерде көзге түсіп, халықтың қолдауына ие болады. Осындай қызыл-қырғын шайқастарда Жәнібектің батырлығы күш-қайраты даралана түседі. Оның даңқы шығып, абыройы артады. «Бұдан соң Жәнібектің аты шықты, ілесті соңына ылғи өңшең мықты».

Талқылау

Академик М.Әуезов: «Бұл жырлардың бәрі де, ерте туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар» (Әуезов М., 1962: 76), – деп жазады. Демек,

«Ер Жәнібек» жыры да болған оқиға негізінде туып, батыр тұлғасы күшті жаулармен шайқаста сомдалған.

«Ер Жәнібек» жырының қай нұсқасы болсын Жәнібектің сескеніп қорқуды білмейтін батыр ретінде сипатталады. Біз сөз етіп отырған нұсқада Жәнібектің алғашқы ерлігі сөз болған. Жас жігіт жоңғардың бас батырын жеңеді. Қазақ халқының рухын көтеріп, жеңіске жол ашды. Жәнібек елдік мақсат үшін тұлпар мініп, ту ұстаған. Қаһарлы жаудан жасқанбайтын батырлық-батылдығымен ерекшеленеді. Ол қазақ жерін жоңғар-қалмақтардан азат ету жолында жан аямаған Баһадүр. Жырды оқып көрейік:

Ер Жәкең қайтпаған еш қиын даудан,
Сескеніп те көрмеген күшті жаудан.
Қазақ жерін тазартты бір жолата
Ары асырып қалмақты Алатаудан

немесе:

Содан кейін орнады тыныш заман,
Жетілді жетім-жесір, шабан-шалаң.
Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,
Түрленді малға толып тау мен далам, –

деген жолдардың шындыққа сиымды екені даусыз. Осы арада мына бір түйін сөзді келтіре кеткен артық болмайды: «Ер Жәнібек үш жүзге аты әйгілі батыр болумен бірге алдына жан салмаған шешен. Ұзақ жыл керей елін шып-шырғасын шығармай басқарған, әділ би әрі өз өмірінде бірде-бір рет олжа алмаған ер көңіл мәрт адам болған. Сондықтан халық «Ер Жәнібек» атаған (Шәкенұлы Ж., 1962: 56).

Жоңғар-қалмақтар жеңіліс тапқаннан кейін де Жәнібек әлеуметтік мәселелерге араласып отырады. Қазақ маншың сауда қарым-қатынаста алғаш көпір салғандар Қабанбай, Жәнібектер екені қытай жазбаларында нақты көрсететін дерек барын жазушы Ж. Шәкенұлы атап көрсетеді. Елді шығыстағы шекара шебіне қарай әкелуінің де себебі жоқ емес. Ол өз халқының тұтастығын сақтауды мақсат еткен. Елдің көптеген ішкі мәселелері Жәнібектің араласуымен ретке келіп отырған. Ер Жәнібек жаудан да, даудан да беті қайтпаған. Батыр-шешен осы екі қасиетінің арқасында ерекше ілтипатқа бөленгенін айту парыз.

Аттың жалы, түйенің қомындағы жаугершілік заманда басын бәйгеге тігіп, ерен ерлік көрсеткені үшін оның есімі бір тайпаның

ұранына айналады. Батырлық ел тарихын, жер тарихын нұрландыра түсетін ізгі қасиет десек, Жәнібек те ел намысын биік ұстап, жауынан жасқанбаған даңқты тұлға.

Біз сөз еткен екі нұсқа бір-бірінен онша алшақ кетпейді. Оқиға Ер Жәнібектің жауынгерлік жолын, ерлігін жырлауға арналған. Соған қарамастан екі нұсқаның бір-бірінен айырмашылықтары бар екенін де байқаймыз. Ботай нұсқасында Жәнібектің ерлігінен басқа да кейбір тарихи деректерді (Ежен ханға баруы, төрт би сайлау, ежелгі мекен Алтайға көшу) қамти отырып оқиғаны күрделендіре жырлаған. Ал Қ.Серікбай нұсқасында мұндай ерекшелік жоқ. Негізінен Ер Жәнібектің қалмақтармен болған шайқастардағы ерлігін көрсетуді мақсат еткен. Осы нұсқада ат шабысы, соғыс суреттері де тым көтеріңкі әсірелеп жырлау басым. Жыршы батырлар жырының дәстүрін, поэтикасын пайдаланған. Мәселен, (Сұңқардай, Бөрідей, Бұлттай т.б.) сияқты салыстыру-сипаттаулары да дәстүрлі бейнелеу құралдары екенін байқаймыз. Серікбай нұсқасы он бір буынды қара өлең және жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде орындалған.

Халық қашанда өз басынан өткен ауыр кезең болсын, қуанышты күн болсын – бәрін де кейінгі ұрпаққа өнеге еткен. Азабымен күйіндіріп, жеңісімен сүйіндіре білген. «Азап қайда болса, батыр сонда» деп халық бекер айтпаған. Ел азаттығы жолында басын бәйгеге тіккен қаһармандар аз болмаған. Бұлар жайында шыққан жырлар келер ұрпаққа мұра ғана емес, өнеге. Өйткені бұл туындылар ұлттық санамызды, патриоттық сезімімізді арттыра түсері хақ.

Жыр соңында мына шумақты оқып көрейік:
Қолдаған соң аруағы ата бабам
Таныды Ер Жәкеңді барша ғалам
Қазақта қан соқтығып басып алған
Айдады қалмақтарды Сарыарқадан, –

деген жолдар тарихи кезеңнің нақтылы шындық екені дау тудырмайды.

Академик С. Қасқабасов: «Тарихи жырда идеялық-эстетикалық мұрат сәл өзгешелеу. Мұнда үлкен оқиғаның жекелеген фактілеріне, қара қауымнан өзінің қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан, кәдімгі қарапайым адамдарға мән беріледі. Бірақ олар яғни жеке фактіге, адам да тарихи жағдайдан бөлек алынбайды. Тіпті тарихи жырдың бүкіл мазмұнының өзі сол заманның оқиғаларынан туып, өрбіп жатады» [5, 29], – деген тұжырымына сүйенсек, біз сөз еткен Ер

Жәнібек жырында қайратымен, жүректілігімен, ақылымен дараланып шыққан, Жәнібектің ерлігіне мән берілген. Бұл жерде қиялдан, ойдан қосылған еш нәрсе жоқ. Жыр өмірде болған оқиғаны арқау етіп, Жәнібек сынды қас батырды мадақ еткен. Көпке үлгі өнеге боларлық эпикалық жыр тудырған.

Қорытынды

Қазақ халқының ар-намысын қорғап, еліміздің еркіндігі жолында жан аямай күрескен даңқты батырлардың қатарында Жәнібектің де тұрары даусыз. Аттың жалы, атанның қомында

күн кешкен жаугершілік заманның хас батырына лайықты ілтипат білдіру бүгінгі ұрпақ парызы болса керек. Осы қатарда есімі ескерілер батырдың бірі – Ер Жәнібек Бердәулетұлы.

Бүкіл қазақ даласын жаудан-басқыншылардан қорғаған Ер Жәнібек есімі Шығыс Түркістан ұлт-азаттық көтерілісшілеріне де ұран болғаны заңды жалғастық еді. Батырдың есімін атап, еңбегін ұлағаттау ұлттық рухымызға үлкен мерей екені анық. Ер Жәнібек есімі рудың, ұлыстың ұраны ғана емес, тұтас қазақ халқының мақтанышы. Сондықтан жаудан қорғайтын ерін, даудан қорғайтын елі барда Жәнібек есімі ұрпақтар жүрегінде мәңгі сақталады.

Әдебиеттер

- Бабиұлы А. Олең-толғаулар, айтыс, поэма, пьесалар. – Өлгий, 1987. – Б. 368-377.
Ер Жәнібек. Үрімжі, 2006. – Б. 240.
Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – Б. 340.
Шәкенұлы Ж. Жәнібек батыр. – Алматы, 2013. – Б. 238.
Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979. – Б. 336.

References

- Auezov M. (1962) Uakitzhaneadabiat. [Time and literature.] Almaty, 1962. B. 340. (In Kazakh)
Babiuli A. (1987) Olen-tolgaular, aitis, poema, pesalar. [Poems, aitys, poems, plays.] Olgii, 1987. B. 368-377. (In Kazakh)
Er Zhanibek.(2006) [Male Zhanibek.] Urimzhi, 2006. B. 240. (In Kazakh)
Kazakh tarihi zhirlarininmaseleleri. (1979) [Problems of the Kazakh historical lyric.] Almaty, 1979. B. 336. (In Kazakh)
ShakenulyZh. (2013) Zhanibekbatir. [Zhanibek batyr.] Almaty, 2013. B. 238. (In Kazakh)